



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі.11 үй  
тел: 55-66-31, 55-66-37, факс: 55-72-94

19.10.2017 № 4

№

гс

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел: 55-66-31, 55-66-37, факс: 55-72-94

Тұрақты комиссияның  
2017 жылғы 19 қазандары  
қаулысы

Жетім балаларға, ауыр аурулармен  
ауыратын балаларға, патронатты  
және көпбалалы отбасыларға көмек  
көрсетуді үйымдастыру жөнінде  
атқарушы органдардың  
жұмысы туралы.

Қалалық атқарушы органдардың жетім балаларға, ауыр сырқатты  
балаларға, патронатты және көпбалалы отбасыларға көмек көрсетуді  
үйымдастыру бойынша ақпараттарын тыңдал, талқылай келе Астана қаласы  
мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты  
комиссиясы қалада балаларды мемлекеттік қолдау және сапалы біліммен  
қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілуде деп атап өтті.

Қалалық білім беру үйымдарында 217 686 бала оқиды, оның ішінде  
мектепке дейінгі үйымдарда – 48154 бала, жалпы білім беру мектептерінде -  
143 270 бала, техникалық және кәсіби білім беру колледждерінде - 26 262 бала.  
Оқу орындары қажетті оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендермен,  
жабдықталған медициналық кабинеттермен қамтамасыз етілген, штаттық  
медициналық қызметкерлер жұмыс жасауда. Барлық мектептер жақын маңдағы  
клиникаларға бекітілген. Жалпы білім беру мектептерінің қызметкерлері жыл  
сайын медициналық тексеруден өтеді. 2017 оқу жылында 1-4 сынып  
окушыларына ыстық тамақ үйымдастыру үшін жергілікті бюджеттен 3 535,8  
млн. теңге бөлінді.

Инклузивті білім беру моделін іске ассыру үшін мүмкіндігі шектеулі  
балаларды тәрбиелеудің заманауи оқытуды қамтамасыз етудің бір түрі ретінде  
жағдай жасалуда. Инклузивтік білім беру қаланың 76 мектебінде  
үйымдастырылған. Балаларға психологиялық, медициналық және  
педагогикалық көмек көрсетілуде. Елорданың төрт колледжінде денсаулығында  
ауытқуы бар 210 студентке білім алу үшін тең жағдайлар жасалды. Тірек-  
қимыл аппараты бұзылған 40 балаға көмек көрсету үшін 12 инватақси  
жұмыстары үйымдастырылды.

2017 жылы жетім, аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан 2535 балаға жалпы сомасы 30 921 958 теңгеге көмек көрсетілді. Жыл сайын жаппай оқыту қорынан, сондай-ақ «Мектепке жол» және «Қамқорлық» демеушілері есебінен акциялар өткізіледі.

Үш санаторлық туберкулезге қарсы және көру қабілеті нашар және тірек-қимыл аппараттары бұзылған балаларға арналған арнайы екі балабақшада түзету және арнайы топтар қарастырылған. 13 балабақшада сойлеу және есту қабілесті бұзылған балаларға арналған түзету және инклузивті білім беру кабинеттері жұмыс жасайды.

Денсаулығында ауытқуы бар балаларға Астана қаласы мөслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы шешімімен бекітілген Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасына сәйкес мемлекеттік қолдау көрсетілуде. Балалар үйінің түлектері, бала кезінен мүгедектер, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көп балалы отбасылардың балаларына қаланың жоғары оқу орындарында күндізгі оқу үшін ақшалай төлем түрінде әлеуметтік көмек беріледі.

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар коммуналдық тұрғын үй қорынан бірінші кезекте тұрғын үй алуға құқылы. 2016 жылы - 41 адам тұрғын үймен қамтамасыз етілді, 2017 жылы - 49 адам.

Білім беру кезеңіне жетім балалар тегін тұру, тамақтану, киім-кешек, медициналық көмек алу, оқулықтар, жұмсақ жиһаз және жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

Осы санаттағы балалар оқу кезеңінде асыраушысынан айрылу, мүгедектігі бойынша жәрдемақы, міндетті тұрде стипендия алуға құқығы бар.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеу, оқыту және өмір тіршілігін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалуда.

Осы санаттағы 934 баланың 588-і қамқоршылық немесе қорғаншылықта, 74 бала - қазақстандықтардың отбасыларында тәрбиеленуде, 272 бала жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелерде толығымен мемлекет есебінен қамтамасыз етілуде.

Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» МҚК балаларына кепілді көлемде медициналық қызмет көрсетіледі, жүйелі тұрде арнайы мамандардан профилактикалық тексеруден өтеді. Демеушілік шот ашылған, қайырымдылық көмек көрсетіледі. Бағыттарының бірі баланың биологиялық отбасын сақтау болып табылатын дағдарыс орталығы жұмыс жасауда. Ағымдағы жылы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданааралық сотында балаларды асырап алуға қатысты 28 шешім қабылданды.

Астана қаласының әкімдігі «Ана үйі» Қоғамдық қорымен бірлесе отырып, «Балалар үйі» КММ базасында баланың отбасында өмір сүріп, тәрбиелену

құқығын жүзеге асыру мақсатында «Отбасылық қолдау орталығы» ашты.

Жетім балаларды отбасыларға орналастырудың баламалы түрлерін қолдау үшін бала асырап алушыларға, патронатты турде тәрбиелеушілерге, қорғаншылар мен қамқоршыларға жұмыс өтіліне, біліктілік санатына және сондай-ақ, баланы асырау үшін бөліпетін жәрдемақысынға байланысты ай сайынғы жалақы түрінде материалдық ынталандыру енгізілді.

Сонымен қатар қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия жергілікті атқарушы органдардың арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту және тәрбиелеу үшін жаңдай жасау бойынша жұмысы одан әрі жетілдіруді талап ететінін атап өтті.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың кейбіреуішің ішклюзивтік сыныптар мен арнайы кабинеттердің материалдық-техникалық және оку-әдістемелік жабдықталуының нашар болуына байланысты оқу орындарына баруға мүмкіндігі жоқ.

Аутизммен ауыратын, сөйлеу бұзылыстары бар және ақыл-ойы кешігіп дамыған балалар құрамының жоғарылауына байланысты психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің желісін жыл сайын кеңейту қажет.

Жетім балалар мен аз қамтылған отбасылардың балалары қатарына жатпайтын мүгедек балалар ыстық тамақпен қамтылмаған.

Бейімделмеген ғимаратта орналасқан ақыл-есі кем балаларға арналған арнайы түзету мектеп-интернатының толып кету мәселесі шығуда.

Медициналық мамандардың, массаж медбикелері, физиотерапевтер, мамандандырылған балалар үйінің балаларын оңалту мамандары, сурдолог-дәрігерлердің жетіспеушілігі деңсаулығында ауыткуы бар балаларға тиісті даму қажеттіліктерін алуға мүмкіндік бермейді.

Мүмкіндігі шектеулі жетім балалардың толыққанды дамуы үшін кедергісіз балалар ойын алаңын салу қажет.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды сүйемелдейтін адамдар үшін қосымша әлеуметтік қолдаудың қосымша шараларын ұсыну мақсатында жеңілдікпен жол жүру мүмкіндігін беру керек.

Санаторлық-курорттық емделу кезінде тұрақты көмекке мұқтаж ауыр мүмкіндігі шектеулі мүгедек балаларды сүйемелдеуші адамның бірге жүру құқығын беру қажет етеді.

Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуша басымдық құқығына қарамастан, жетім балаларға арналған мекемелердің түлектеріне тұрғын үй беру мәселесі өзекті болып қалуда.

Жалақының аздығы және тұрғын үйдің жетіспеушілігі әлеуметтік қызметкерлердің халықтың осал топтарына құнделікті, материалдық, моральдық және құқықтық көмек көрсетуді ұйымдастырумен айналысатын мамандардың әлеуметтік қоргалмауына әкеп соғуда.

Ата-ана құқықтарынан айрылған ата-аналардан мамандандырылған балалар үйінің балаларын күтіп-бағуына төлейтін алименттерді өндіру туралы сот шешімдері қанағаттандырылмайды.

Өлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия қаулы етті:

1. «Астана қаласының білім беру басқармасы» ММ «Жетім балаларға, ауыр аурулармен ауыратын балаларға, патронатты және көпбалалы отбасыларға көмек көрсетуді үйымдастыру жөнінде атқарушы органдардың жұмысы туралы» ақпараты ескерілсін.

**2. Астана қаласының әкімдігіне ұсынылсын:**

2018-2020 жылдарга арналған бюджетті қалыптастыру кезінде деңсаулығында ауытқуы бар балаларды медициналық оңалту бойынша кадрлардың жетіспеушілігі мәселесін шешу мақсатында арнайы окуорындарына қажетті бюджеттік қаржаттарды бөлу мүмкіндігі қарастырылсын.

Бейімделмеген ғимаратта жұмыс жасайтын арнайы түзету мектеп-интернатының ақыл-ойы кем балаларына әлеуметтендіру және сапалы білім беру мақсатында санитарлық және техникалық ережелер мен нормаларға сәйкес келетін ғимаратты қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылсын.

Жетім балалар мекемелерінің тулектеріне коммуналдық түрғын үй қорынан баспана бөлу мәселесі қатаң есепке алынсын және бақылау қамтамасыз етілсін.

Мүмкіндігі шектеулі жетім балаларды толыққанды дамыту үшін Мамандандырылған балалар үйінде кедергісіз балалар алаңын құру мүмкіндігі қарастырылсын.

Халықтың осал топтарына күнделікті, материалдық, моральдық және құқықтық көмек көрсетуді үйимдастырумен айналысатын әлеуметтік мамандарға арналған жатақхана салу мәселесі қарастырылсын.

Санаторлық-курорттық емделу кезінде тұрақты көмекке мүқтаж ауыр мүмкіндігі шектеулі мүгедек балаларды сүйемелдеуші адамның бірге жүру құқығын беру мүмкіндігі қаралсын.

**3. «Астана қаласының білім беру басқармасы» ММ ұсынылсын:**

Мектеп жасындағы мүгедек балаларға жалпы білім беру үдерісін қамту бойынша мониторинг жүргізілсін.

Аутизммен ауыратын, сөйлеу бұзылыштары бар және ақыл-ойы кешігіп дамыған балаларға арналған психологиялық-педагогикалық түзету және оңалту орталықтарының бөлмелерін кеңейту бойынша іс-шаралар белсендірілсін.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың заңды құқықтарын бұзудың алдын алу үшін мүгедек балаларды тегін тамактануды қамтамасыз сту шаралары қабылдансын.

Естімейтін ата-аналардың балалары - окушылар үшін ұзартылған күн тобы ашылсын.

**4. «Астана қаласының Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ қосымша әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мақсатында мүмкіндігі шектеулі балаларды сүйемелдеуші адамдарға женілдікпен жол жүру мүмкіндігі қарастырылсын.**

Жалақыны көтеру мақсатында тиісті мемлекеттік органдарға әлеуметтік қызметкерлер санаттарын көтеру мәселесі туралы бастама жасалсын.

5. «Астана қаласының білім беру басқармасы» ММ «Астана қаласының деңсаулық сақтау басқармасы» ММ бірлесіп, Астана қаласының мамандандырылған ауданааралық кемелетке толмағандардың істері жөніндегі сотында ата-аналық құқықтарынан айырылған ата-аналардан Мамандандырылған балалар үйінің 13 баласына алиментті мәжбүрлеп өндіруді қамтамасыз ету жопінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
Әлеуметтік-мәдени даму  
мәселелері жөніндегі тұрақты  
комиссиясының төрағасы**



**М. Шайдаров**